

**"Концессияға ұсынылатын объектілер және іске асырылуы (2016-2018 жылдарға) жобаланып отырған мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жергілікті жобаларының тізбелерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 24 қарашадағы № 7/3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 16/2 шешімі . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 қарашада № 4382 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. "Концессияға ұсынылатын объектілер және іске асырылуы (2016-2018 жылдарға) жобаланып отырған мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жергілікті жобаларының тізбелерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 24 қарашадағы № 7/3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3947 болып тіркелді, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 7 желтоқсанда жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жоғарыда көрсетілген шешімге 1 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихаттың  
XVI сессиясының төрағасы  
Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихаттың  
хатшысы*

*А.Молдағұлов*

*В.Бубенко*

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың  
2017 жылғы 14 қарашадағы № 16/2 шешіміне  
қосымша

"Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың  
2016 жылғы 24 қарашадағы № 7/3 шешіміне  
1 қосымша

**Коммуналдық меншікке жататын, орта мерзімді кезеңдегі (2016-2018 жылдарға ) концессияға ұсынылған объектілер тізбесі**

№ р /с	Атауы

1. Реконструкциялауы және пайдалануға беруі концессия шарттарының негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік меншіктің қолда бар объектілері	
2. Концессия шарты негізінде құру және пайдалануға беру жүзеге асырылатын объектілер	
1)	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының "Орман" шағын ауданында 140 орынға арналған балабақша салу және пайдалануға беру
2)	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Жалел Қизатов атындағы көшесі бойында 90 орынға арналған балабақша салу және пайдалануға беру
3)	Солтүстік Қазақстан облысының халқына амбулаторлық және стационарлық көмек көрсету үшін офтальмологиялық диагностика орталығын салу және пайдалануға беру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК